

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 2

2025 жылғы 11 сәуір
сағат 14.30

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. 2023 жылы жүргізілген РӘТ шеңберінде бәсекелес ортаның жай-күйіне әсерді бағалауды шолуды қарау және талқылау

1.1. Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті директорының орынбасары Р.Е. Пасечконың 2023 жылы жүргізілген РӘТ шеңберінде бәсекелес ортаның жай-күйіне әсерді бағалауды шолуға қатысты ақпараты назарға алынсын.

1.2. Қоғамдық кеңес мүшелері И.Г. Абсалямовтың, Т.А. Одиловтың, А.Ж. Бикебаевтың, Р.Н. Ахметовтың пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке:

1) Келесі отырыстардың біріне ҚР Қаржы министрлігінің Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңеске (АҚКК) ілеспе қызметтер бойынша келісімдердің халықаралық стандарты бойынша (ІҚХС 4400) жұмыстарды орындайтын аудиторлық ұйымдардың сапасына бақылау жүргізу функцияларын беру бастамасы мәселесін шығаруды.

2) Үкіметке жосықсыз бәсекелестіктің туындауы үшін тәуекелдер туғызу тұрғысынан мемлекет реттеуші функцияларды беретін көптеген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың (ӨРҰ) болуы жөнінде ұстаным енгізуді ұсынды.

2. Жеке т/ж тасымалдаушылары мен нарықтың өзге де қатысушыларының нарыққа кіруін қамтамасыз ету мәселелері

2.1. Көлік және байланыс департаментінің директоры Н.Р. Жаманованың жеке т/ж тасымалдаушылары мен нарықтың өзге де қатысушыларының нарыққа кіруін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.2. Қоғамдық кеңес мүшелері Н.В. Радостовецтің, О.А. Жандосовтың, Р.Н. Ахметовтің, Т.А. Одиловтың пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Агенттікке ұсынды:

1) 2025 жылдың соңына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны *(Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис, Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия)* реформалау бойынша кешенді шаралар қабылдау, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дан инфрақұрылым операторын дербес құрылым етіп бөліп шығару жұмысын жалғастыру, сондай-ақ осы мәселені қарауды Үкімет деңгейінде енгізуге бастамашылық жасау.

2) Талдау жүргізу және монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық анықталған жағдайда, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға қатысты жеке т/ж тасымалдаушыларының нарыққа кіруін қамтамасыз ету мәселесі бойынша монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдау.

3) «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша ақпаратты *(соттардың талап арыздары мен шешімдері және т.б.)* Агенттіктің интернет-ресурсында жариялау.

3. Google LLC (АҚШ) компаниясының ҚР аумағында өзінің үстем жағдайын теріс пайдалануына қатысты БҚДА шығарған хабарламаны орындауын талқылау

3.1. Қаржы нарықтары департаменті директорының орынбасары А. Ш. Суюндиковтің Google LLC (АҚШ) компаниясының ҚР аумағында өзінің үстем жағдайын теріс пайдалануына қатысты БҚДА шығарған хабарламаға қатысты ақпараты назарға алынсын.

3. Қоғамдық кеңес мүшелері Н.В. Радостовецтің, А.Б. Бегдесеновтің пікірлерін ескере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелері Қаржы нарықтары департаментіне осы мәселе бойынша жұмысты Н.В. Радостовецпен жұмыс тәртібімен жалғастыруды ұсынды.

4. ҚР-да мобильді құрылғыларда іздеу сервистері саласында бәсекелестікті күшейту бойынша ұсыныстар әзірлеу

4.1. Қаржы нарықтары департаменті директорының орынбасары А. Ш. Суюндиковтің ҚР-дағы мобильді құрылғылардағы іздеу сервистері саласындағы бәсекелестікке қатысты ақпараты назарға алынсын.

Төраға

А. Бикебаев



